

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

ДЖОНОВА. З. З

**« ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ГЕОГРАФИЯСЫ» -ПӘНІ БОЙЫНША
050116-«ГЕОГРАФИЯ», 050702 – «ТУРИЗМ» МАМАНДЫҚТАРЫНА АРНАЛҒАН
ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР**

Ақтау 2010

ӘОЖ 91:658.64.075

Құрастырған: Джонова З.З. « Қызмет көрсету географиясы» -пәні бойынша 050116-«География», 050702 – «Туризм» мамандықтарына арналған зертханалық жұмыстар, Ақтау, 2009, 19 бет.

Зертханалық жұмыс оқытудың жаңа оқу бағдарламасына сай құрастырылған. Зертханалық жұмыс жазбаша, ауызша, кескін карта және атлас карталарды қолдану негізінде орындалады.

Сонымен қатар әдістемелік нұсқау студенттерге жан-жақты көмегін тигізеді.

Пікір жазған:

п.ғ.қ. Кенжебекова Д .Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды

©Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ

Кіріспе

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқау педагогика институттарының биология – география мамандарына арналып жазылған. Бұл көмекші құрал жас ұрпаққа сапалы білім беру жолдарының білім берудің әдістері мен тәсілдерін жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Әдістемелік құрал педагогикалық теорияны педагогикалық эксперименттермен ұштастыру үшін көзделген.

Ұсынылып отырған әдістеме «География – Экология», «География – туризм», «География – биология», «География» мамандары бойынша мамандар дайындалатын жоғары оқу- орындарының және орта білім беретін оқу орындары үшін дайындалған.

Әдістемелік нұсқауды педагогикалық институттардың студенттері мен орта білім мамандықтары және мектептің мұғалімдері де қолдана алады.

Ұсынылып отырған «Зертханалық жұмыстар» әдістемелік оқу құралы «География» мамандығына арналған. Әрбір зертханалық жұмыс 2 (сағаттан) тұрады. Жалпы сағат саны 15 (сағат). Берілген зерханалық жұмыстар мен тапсырмалар оқу құралын және карталарды пайдаланып орындауды талап етеді. Зертханалық жұмыстар типтік оқу бағдарламасына сай құрастырылған.Әрбір зертханалық жұмыс көрінекті құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Зертханалық жұмыстың мақсаты студенттерді өз бетінше жұмыс жасай білуге дағдыландыру сонымен бірге өз бетінше ізденіп, шығармашылық қабілеттерін арыттыру.

Зертханалық сабақтардан алған білімдерін шыңдап , білім деңгейін тексеру болып, табылады.

Сонымен бірге,бұл әдістемелік құралды мектеп оқушыларыда, ұстаздар да кеңінен пайдалана алады.Бұл әдістемелік құрал студенттердің теориялық білімін практикада ұштастара білулеріне және олардың «географиялық ортада қызмет» ерекшеліктерін танып білуіне маңыздылығы зор деп ойлаймын.

Зертханалық жұмыс №1 (2 сағат)

Жұмыстың аталымы

Банк жүйесіндегі сферадағы қызметтер.

Жұмыстың мақсаты

1. Банк жүйесіндегі қызметті танып білу.
2. Халықтың қажеттілігін өтеуді түсіндіру.
3. Қызметтің құрамын, түрлерін түсіндіру .

Тапсырма

1. Жалпы халыққа қызмет көрсету туралы жалпы түсінік беру.
2. Банк қызметінің алатын орнына талдау жасау.
3. Банк қызметінің негізгі атқаратын ролі, маңызына қорытынды әзірленіз.

Теоретикалық түсінік

Халыққа және кәсіпорындармен ұйымдарға тікелей және кешенді қызмет көрсету барысында ақша айналымымен капитал айналымының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етеді. Банктердің негізгі атқаратын қызметтері әр түрлі болып келеді. Қоғамдық қызмет көрсетудің экономикалық және әлеуметтік аспектілерімен бірге, материалдық өндіріс пен халықтың қажетін өтеу салаларының арасындағы байланысты қызмет көрсету салаларының материалдық техникалық базасын нығайтады.

Зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқау.

1. Банк жүйесіндегі жекелеген салалардың орналасу ерекшеліктерін анықтаңыз.
2. Банк жүйесіндегі салалардың байланысын анықтау.
3. Жұмыстың орындалу реті.
4. Халықаралық экономикалық байланыстарды контур картаға түсіру.
5. Халыққа қызмет жасаудың сапалық құрамына сипаттама беру .
6. Қызмет көрсету саласында білікті мамандардың маңыздылығына сипаттама беру.
7. Банк жүйесіндегі қызметтер туралы түсінік беру.
8. Ұлттық банктердің халыққа тиімді саясаттарын түсіндіру және айқындау.

Жұмыстың орындалу реті

1. Банк жүйесіндегі жекелеген салалардың ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
2. Халыққа қызмет көрсету салаларына анықтама беріңіз.
3. Несие беру, төлем құралдары барысындағы қызметтер туралы айтыңыз.

Бақылау сұрақтары.

1. Ғылыми техникалық прогрестің маңызы .
2. Халыққа қызмет көрсетудің түрлері .
3. Халықтың қажетін өтейтін салалары .

Есептің құрамы:

- 1) жұмыстың аталымы мен мақсаты;
- 2) тапсырма;
- 3) Зерттеу жұмысының жүйелік құрылымы;
- 4) Кескіндер, кестелер;
- 5) Есептер;
- 6) жұмыс туралы қысқаша мәліметтер.

Әдебиеттер

1. С. Ердаuletов «Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы» А, 1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық.
2. Е. Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық «Мектеп» 2005.
3. Н. Кәрменова « Жоғарғы оқу орындарына арналған арнайы оқулық
4. Б.М. Алаев «Социальная и экономическая география»
5. Н.Н. Баранский «Экономико-географическое положение»
6. Н.Н. Баранский «Географическое разделение труда»
7. Ю.Шишков. «Мировая финансовая система: необходимость реформы»//Мэ и МО.1999г.

Зертханалық жұмыс № 2 (2 сағат)

Жұмыстың аталымы

Қызмет көрсету географиясында адамдардың өмір сүру салтын оның жай-күйін аумақты тұрғыда кешенді үйрету.

Жұмыстың мақсаты

1. Халықтың өмір сүру салтына талдау жасау
2. Олардың денсаулығына жалпы сипаттама беру
3. Әр түрлі аурулардың алдын алудың жолдарын түсіндіру.

Тапсырма

1. Салауатты өмір салты жайлы түсінік
2. Халықтардың демалып, емделу үшін арнайы ұйымдардың ролі қандай?
3. Қызмет көрсету географиясында адамдардың өмір сүру салты, оның жай-күйін аумақты тұрғыда кешенді үйретудің маңызын анықтау.

Теоретикалық түсінік

Халықтың демалысын ұйымдастыру үшін елді мекендерде мәдени мекемелер, демалыс базалары жұмыс істейді. Өндіріс процесінде адам дене еңбегі мен ой еңбегін жұмсайды. Сондықтан жұмыс күшін қалпына келтіру үшін, демалыс орындарына барып демалады. Бұл адамдардың өмір сүру салтын, көңіл күйін, денсаулығын қалпына келтіреді. Елдегі туристік кластер мен инфрақұрылымды дамыту, туристік кадрларды дамытып, серпінді жобаларды іске асыру және еліміздің туристік имиджін қалыптастыру болашағынан зор үміт күттіретін мақсаттар.

Зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқау.

1. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты кестені 1-2 пайдаланып айырмашылықтарын түсіндіріңіз.
2. Салауатты өмір салтына түсінік беріңіз.

Туристік фирмалар қызметінің негізгі көрсеткіштері кесте 1

	2004	2005	2006
Туристік фирмалар саны, бірлік	12	15	21
Қызмет көрсетілген туристер, адам Барлығы	4225	10061	14554
Келу туризмі	124	358	267
ТМД елдері	102	210	121
ТМД-дан тыс	22	48	146
Шығу туризмі	2768	2487	3360
ТМД елдері		717	1511
ТМД - дан тыс		1770	1849
Ішкі туризм	1333	7216	10927
Өткізілген жолдамалар саны, бірлік Барлығы	4078	2208	1419
Келу туризмі	2	57	8
Шығу туризмі	3222	1187	269
Ішкі туризм	854	964	1142
Сатылған жолдамалар құны, мың тенге	168887,6	102138,0	50005,0
Болудың адам күні	25009	20007	16015

Туристерді сапар мақсаттары бойынша бөлу
Резидент турестерді сапар мақсаттары бойынша бөлу.
Кесте2

	2004	2005	2006
Адам Барлығы	2768	2487	3360
Оның ішінде:	440	315	208
Жұмыстан бос уақыт, рекреация және демалыс	15	167	733
Таныстар мен туыскандарға бару	246	901	864
Іскерлік және кәсіби мақсаттар	-	-	176
Емделу	10	10	-
Дін-қажылық	1773	1104	1339
Коммерциялық (шоптурлар)	294	-	40
Өзге мақсаттар			

Жұмыстың орындалу реті

1. Аймақтағы демалыс орындарына кестені пайдаланып сипаттама беру.
2. Демалыс орындарының халыққа қызметі жөнінде анықтама беру.
3. Келешекте аймағымызда қандай туризм қолайлы орындар болмақ.
4. Аймағымыздағы Каспий жағалауы демалыс орындарына сипаттама беру.
5. Экологиялық этникалық туризмдеріне сипаттама беру.
6. Танымдық спорттық сауықтыру туризмдеріне сипаттама беру .

Бақылау сұрақтары

1. Аймақта қандай демалыс орындары бар?
2. Демалысты ұйымдастырудың маңыздылығы қандай?
3. Өз аймағындағы демалыс орындары.
4. Өмір сүру салтын қалыптастырудың жолдары?

Есептің құрамы:

1. Жұмыстың аталымы мен мақсаты;
2. Тапсырма;
3. Зерттеу жұмысының жүйелік құрылымы;
4. Кескіндер, кестелер;
5. Есептер;
6. Жұмыс туралы қысқаша мәліметтер.

Әдебиеттер

1. Захарина, Д.М и др. Учителю о географий сферы обслуживания. М. Просвещение. 1980 г.
2. "Туристік энциклопедия". Москва, 1993.
3. В.Г Гуляев "Организация туристской деятельности". Москва, 1996.
4. Ердаветов С.Р. "География туризма". Алматы, 2001.
5. А. Вододохов. "Горный туризм". Алматы, 1974.
6. В.И Попов, Г.С Гуляева және басқалар. "Рекреационная оценка горных территорий Казахстана". Алматы, 2003.

Зертханалық жұмыс № 3 (2сағат)

Жұмыстың аталымы

Географиялық ортада көлік және коммуникация кешені

Жұмыстың мақсаты

1. Көлік тасмал салаларын танып білу.
2. Көлік салаларының түрлерін анықтау
3. Республика аумағынан өтетін темір жол магистралдарын танып білу

Тапсырма

1. Көлік кешені неліктен өндірістік салаға жатқызылады?
2. Автомобиль көлігінің басқа көлік түрлерінен ерекшелігі неде және шаруашылықтағы маңызы қандай?
3. Елімізде темір жол және автомобиль жолдарының орналасу ерекшеліктері және атқаратын қызметіне баға беру.
4. Картадан негігі автомобиль және темір жолдарын көрсету
5. Көліктің шаруашылықтағы рөлі мен маңызы.

Теоретикалық түсінік

Қазақстан Республикасында көліктің атқаратын маңызы өте зор. өйткені еліміздің бір шеті екіншісінен тым қашық, алшақ орналасқан. Автомобиль жолының ұзындығы 96,1 мың шақырымнан астам. Құбыр жолының ұзындығы 1304 шақырым. Негізінен мұнай, газ, су тасымалдайды.

Әуе жолының ұзындығы 80 мың шақырымға жуық. Жаңадан Алматы – Стамбул, Алматы – Үрімші, Алматы – Қараши, т.б. көптеген халықаралық әуе жолдары ашылуды.

Республикалық және жергілікті маңызы бар автокөлік жолдарын дамытуға ағымдағы жылы барлық қаржы көздерінен ауыз толтырып айтарлық – 6,4 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 еседей артық.

Өнеркәсіппен ауылшаруашылық сияқты көлік кешені өнім өндірмейді. Бірақ жүк пен жолаушы тек көлік көмегімен ғана қозғалысқа түседі. Сондықтан, жүк пен жолаушының көлік арқылы қозғалысын оның шығаратын өніміне тең деп есептеп көлік кешенін материалдық өндірістік салаға жатқызады.

Зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқау.

1. Барлық көлік түріне тән жүк сипатын анықтап, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтаңыз.

2. Айырмашылықтарының себебін табаңыз.

3. Жүк тасқынының тигізетін әсерін толығырақ зерттеңіз.

Қазақстан көлігінің басты түрлеріне (Автомобиль, әуе жолы, құбыр, өзен, электронды) олардың өзара байланысымен ерекшеліктеріне түсінік беріңіз.

Қазақстанның көлік түрлерінің экономикадағы алатын роліне сипатама.

Жұмыстың орындалу реті

1. Кескін картаға берілген магистральді салыңыз.

2. Магистральдің ұзындығын, бағытын анықтаңыз.

3. Магистраль жұмысына әсер ететін табиғи жағдайлары туралы айтыңыз.

4. Көлік түрлерін кескін картаға түсіріңіз.

5. Жергілікті көлік түрлерін атаңыз.

6. Көлік магистралінің бойымен әр топтарға ағылып жатқан жүктерді сызықтар арқылы көрсетіңіз.

Бақылау сұрақтары

1. Автомобиль жолының маңызы қандай?

2. Әуе жолының маңызы, алатын ролі қандай?

3. Құбыр, су көлігінің және электронды көліктің экономикадағы алатын орны, маңызы қандай?

Есептің құрамы:

1. Жұмыстың аталымы мен мақсаты;

2. Тапсырма;

3. Зерттеу жұмысының жүйелік құрылымы;

4. Кескіндер, кестелер;

5. Есептер;

6. Жұмыс туралы қысқаша мәліметтер.

Әдебиеттер

1. С.Ердавлетов «Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы» А, 1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық.

2. Е. Ахметов т.б. 9сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп» 2005

3. Н. Кәрменова «Жоғарғы оқу орындарына арналған арнайы оқулық»

4. Б.М. Алаев «Социальная и экономическая география»

5. Н.Н. Баранский «Экономико-географическое положение»

6. Н.Н. Баранский «Географическое разделение труда»

Зертханалық жұмыс № 4 (2сағат)

Жұмыстың аталымы

Қызмет көрсету саласы географиясының маңызы

Жұмыстың мақсаты

1. Халық шаруашылығындағы адам әрекетінің сферасына жалпы түсінік


2. Материалдық өндіріс және өндірістік емес сфераларына сипаттама беру
3. Олардың өзара тығыз байланыста болуын анықтау

Тапсырма

1. Қызмет көрсетуді ұйымдастырудың аумақтық қызметі
2. Қызмет көрсетуді ұйымдастырудың мұқтаждығын қанағаттандыру проблемалары
3. Қызмет көрсету салаларының дамуындағы айырмашылықтар
4. Әлемдегі және Қазақстандағы қызмет көрсетудің даму жағдайы

Теоретикалық түсінік

Оларды дұрыс ұштастыру бүкіл әлеуметтік организмнің қалыпты қызмет атқаруына жағдай жасайды.



Бұл екі саланың ұқсастығы, ең алдымен, қызмет көрсету деп аталатын өндіретін өнімнің ерекше формасында болуы.

Зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқау.

1. Қызмет көрсету салаларының сызбаларын, атлас карталарын, әдебиеттерді пайдалана отырып, Қызмет көрсету саласы географиясының басты сипаттарын анықтаныз.
2. Өндірістік емес салалардың түрлерін анықтап, олардың орналасқан аймақтарын көрсетіңіз.

Жұмыстың орындалу реті

Қызмет көрсету еңбектің бұйым ретінде емес, қызмет ретінде тұтынылатын ерекше тұтынымдық құнын.

Қызмет көрсетуді кеңейту төмендегідей жолдармен еңбек өнімділігін арттырады:

1. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту арқылы;
2. Халық тұтынатын тауарлардың түр түрін көбейтіп, сапасын арттыру арқылы;
3. Жоғары білікті мамандар даярлау арқылы.
4. Автоматты және жартылай автоматты машиналарды, конвейерлі, тасқынды желілерді кеңінен өндіріп, өндірістің техникалық деңгейін көтеру арқылы жұмыс жасайды.

Қызмет көрсету еңбектің бұйым ретінде емес, қызмет ретінде тұтынылатын ерекше тұтынымдық құны.

Қызмет көрсетуді кеңейту төмендегідей жолдармен еңбек өнімділігін арттырады:

1. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту арқылы;
2. Халық тұтынатын тауарлардың түр түрін көбейтіп, сапасын арттыру арқылы;
3. Жоғары білікті мамандар даярлау арқылы.

4. Автоматты және жартылай автоматты машиналарды, конвейерлі, тасқынды желілерді кеңінен өндіріп, өндірістің техникалық деңгейін көтеру арқылы жұмыс жасайды.

Бақылау сұрақтары

1. Қызмет көрсету сферасында көп адамның жұмыс істейуі. 2. Салалардың жұмысы адамға, оның әлеуметтік жағдайлары мен материалдық өндіріс сферасының дамуына елеулі әсері.

3. Халық тұтынатын тауарлардың сапасының жақсаруы.

Есептің құрамы:

1. Жұмыстың аталымы мен мақсаты;
2. Тапсырма;
3. Зерттеу жұмысының жүйелік құрылымы;
4. Кескіндер, кестелер;
5. Есептер;
6. Жұмыс туралы қысқаша мәліметтер.

Әдебиеттер

1. Арынов Е.М Қазақстан и мировой опыт рыночной трансформаций. Алматы 1997 г.
2. Абрамов М.А География сферы обслуживания. М. 1977 г.
3. География сферы обслуживания: Сборник статей- М. 1972 г
4. Двоскин . В. Я Экономико- географическое районирование Казакстана. Алматы 1986 г
5. Захарина. Д.М и др. Учителю о географий сферы обслуживания. М. Просвещение. 1980 г.

Зертханалық жұмыс № 5 (2сағат)

Жұмыстың аталымы

Денсаулық сақтау жүйесінің басқа салаларымен экономикалық маркетинг байланысын зерттеу қызметі.

Жұмыстың мақсаты

1. Нарық және денсаулық сақтау жүйесінде нарықтық қарым-қатынастың қалыптасуының заңдылық негіздерімен танысу.
2. Маркетинг іс-әрекетін жүзеге асыратын принциптері мен әдіс-терін білу.
3. Маркетингтің негізгі бағыттарын және негізгі басқару әдістерін үйрену.

Тапсырма 1. Денсаулық сақтау жүйесінде нарықтық қарым-қатынастың қалыптасуын меңгеріңіздер.

2. Маркетинг деген не? Оның анықтамасы және қолданатын принциптерін жазыңыздар.
3. Маркетингтің негізгі түрлерін атаңыздар.
4. Әлеуметтік маркетингтің негізгі мақсаттарын, қолданатын әдістерін көрсетілген кесте арқылы табыңыздар.
5. Денсаулық сақтау саласындағы негізгі тауарлар түрлерін жазыңыздар.

Теоретикалық түсінік.

Нарық (рынок) – ағылшын тілінде маркет (*market*) делінеді, сондықтан маркетинг базар аумағындағы қызмет, оның негізгі мақсаты – айырбастау арқылы қажеттілікті өтеу.

Маркетинг - өндірушіден тұтынушыға (пайдаланушыға) тауарды (қызметті) ұсынуды басқаратын іскерлік қызметтің түрі деуге болады немесе әлеуметтік үрдіс ретінде, оның негізгі мақсаты тауарға, қызметке, ұғымға, ілімге, тұлғаға, т.б. сұранысты болжау, кеңейту және қанағаттандыру.

Дамыған нарықтық экономикада маркетинг - өндірістің, мекеменің, меншіктігі әр түрлі ұжымдардың жұмысында зор орын алады және олардың қызметінің табыстылығының кепілі болады.

Жекеменшік медициналық мекемелерде, міндетті түрде, күшті маркетинг жүйесі болады немесе олар арнайы осы іскерлік түрімен шұғылданатын мекемелердің қызметін пайдаланады.

Маркетингтің негізгі міндеті сұранысты зерттеу және соған ыңғайланып жұмыс істеу.

Зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқау

1. Георгафиялық ортада қызмет көрсетуде денсаулық сақтау салаларын басқа салаларын экономикалық байланысын анықтаңыз.

2. Денсаулық сақтау салаларының өнімдерін пайдаланудың халық үшін тиімділігін пайдсын анықтап, көрсетілген кесте арқылы түсіндіріңіз.

Жұмыстың орындалу реті

1. Нарық (рынок) дегеніміз - ерекше экономикалық категория, айырбастау орны, бұл жерде тауар айналымы жүргізіледі. Тауар (қызмет) ақшаға айналады және керісінше ақша тауарға (қызметке) ауысады. Базар өндірілген тауарларды (қызметті) экономиканың барлық салаларының бір-бірімен тығыз байланысты, сату-сатып алу жұмысының жиынтығын анықтау.

2. Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңде нарықтық экономика қалыптасуда осыған орай денсаулық сақтау саласында нарықтық қарым-қатынас дамуда, сондықтан жаңа жағдайда денсаулық сақтау жүйесінің экономикасының басқа салаларымен байланысын зерттеу.

Денсаулық сақтау саласындағы тауарлардың негізгі түрлері

Кесте 1

Тауарлар		
Медицинада пайдаланатын заттар	Медициналық мәліметтер	Қызмет
Дәрі-дәрмек	Денсаулық сақтау са-ласының қызметкер-леріне арналған	Медициналық
Байлау құралдары	Пациенттер	Медициналық қосымша
Медициналық жабдықтар	Демеушілерге	Қонақ үйлер қызметі
Күтуде пайдаланатын заттар	Көпшілік ақпараты (кино, теледидар, газет, журналдар және т.б.)	Білім беру
Басқа құралдар, заттар	Оқулық, мәлімет	Қонақ үй қызметі
Жарнама мәліметтері	Тұрмыстық	
Мәлімет тасушылар: қағаз, магниттік құралдар және т.б.	Сервис (қызмет көрсету). Басқа: заңгерлік, нотариалдық және т.б.	

Бақылау сұрақтары

1. Базар (рынок) және денсаулық сақтау жүйесіндегі нарықтық қарым-қатынас.
2. Маркетинг туралы түсінік және оның анықтамасы.
3. Маркетингті басқару және оның негізгі элементтері.
4. Маркетинг және тауарды өткізу қызметінің құрылымы.
5. Нарық жағдайын талдау әдістері.

Есептің құрамы:

1. Жұмыстың аталымы және мақсаты;
2. Тапсырма;
3. Зерттеу жұмысының жүйелік құрылымы;
4. Кескіндер және кестелер;
5. Есептер;
6. Жұмыс туралы қысқаша мәліметтер.

Әдебиеттер

1. Увалиев Т.О. «География сферы обслуживания»(учебная програма) В сб «Социально- экономическая география в Алматинском университете».- Алматы, АГУ, 2003г-стр. 132-135
2. Увалиев Т.О., Суюмбаева С.Т. «Основы районной планировки»(учебная программа) В сб «Социально-экономическая география в Алматинском университете».- Алматы, АГУ,2003г.
3. Андрианов Г.М. Экономическая география М., 2001г.
4. Овчинников С.Г. Зоны свободного предпринимательства. – СПб 1999 г.

Зертханалық жұмыс № 6 (3 сағат)

Жұмыстың аталымы

Қызмет көрсету салаларының дамуындағы аумақ аралық айырмашылықтар.

Жұмыстың мақсаты

1. Оңтүстік және Солтүстік Қазақстанның рекреациялық жұмыс жасау мүмкіндіктерінің айырмашылықтарын анықтау
2. Оңтүстік және Солтүстік Қазақстанның рекреациялық жұмыс жасау мүмкіндіктерінің айырмашылықтарын анықтау

Тапсырма

1. Солтүстік Қазақстанның шаруашылық географиясы
2. Оңтүстік Қазақстанның шаруашылық географиясы
3. Олардың негізгі ерекшеліктері

Теоретикалық түсінік

Солтүстік Қазақстанның гидрографиялық ерекшеліктері климаттың құрғақ болуымен және жазық рельеф болуымен, өзен торабының аз болуы және көлдердің көп болуымен ерекшеленеді.

Солтүстік Қазақстанның рекреациялық мүмкіншіліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- 1) Ашық күндердің жүз тоқсан, екі жүз күнге жетуі;
- 2) Өте жағымды күндердің қырық күнге, жағымды күндердің жүз он күнге жетуі,
- 3) Төрт, төрт жарым ай қар жамылғысының жатуы;
- 4) Рекреациялық шомылу маусымының жетпіс, сексен күнге дейін жетуі;

- 5) Солтүстік Қазақстанның көркем жерлеріндегі ерекше микроклиматтың болуы;
 - 6) Өзен мен көлдердің мол болуы;
 - 7) Өзен мен көлдердің жағасында жағажай комплексін дамытуға қолайлы болуы.
- Ал, Оңтүстік Қазақстан шұғыл континенталдылығы және биік таулы аудандарының салқын климаты мен жауын шашынның көп болуымен, ал тау алды және тау етектегі температураның қоңыржай және ылғалды болуымен ерекшеленеді.
- Оңтүстік Қазақстанның су климаттық жағдайына мынадай баға беруге болады:
- 1) Күн сәулесінің көп түсіп, ашық күндердің екі жүз қырық, екі жүз алпыс күнге дейін созылуы;
 - 2) Камфортты күндер қырық, алпыс, ал жағымды күндердің ұзақтығы жүз жиырма, жүз елу күн;
 - 3) Қар жамылғысының үш, төрт жарым ай жатуы;
 - 4) Шомылу рекреациялық маусымының жүз жиырма, жүз елу күнге жетуі;
 - 5) Тау аудандарындағы микроклиматты, активті туризмнің түрлерін ұйымдастыруға;
 - 6) Ірі көл су көздерінің болуы;
 - 7) Жыл бойы барлық маусымдада климаттың қолайлы болуы

Зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқау.

1. Жалпы Қазақстанның климатына талдау жасау.
2. Қазақстанның климатик картасын пайдаланып сипатама беру.
3. Қызмет көрсету салаларының дамуындағы аумақ аралық айырмашылықтарын анықтау үшін географиялық атлас пен оқулық карталарын пайдаланыңыз.

Жұмыстың орындалу реті

1. Климаттың құрғақ болу себептерін түсіндіріңіз.
2. Қызмет көрсету салаларының дамуындағы аумақ аралық айырмашылықтарына талдау жасау.
3. Қазақстанның климат жағдайына талдау жасаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Қызмет көрсету салаларының аумақтық айырмашылықтары.
2. Климаттың құрғақ болу себептері.
3. Жылбойына климаттың қолайлы болу себебі.
4. Жауын шашын мөлшерінің біркелкі тарамдауы.

Есептің құрамы:

1. жұмыстың аталымы мен мақсаты;
2. тапсырма;
3. зерттеу жұмысының жүйелік құрылымы;
4. кестелер;
5. есептер;
6. жұмыс туралы қысқаша мәліметтер.

Әдебиеттер

- 1) Арынов Е.М Қазақстан и мировой опыт рыночный транспормаций. Алматы 1997 г.
- 2) Абрамов М.А География сферы обслуживания. М. 1977 г.
- 3) География сферы обслуживания: Сборник статей- М. 1972 г
- 4) Двоскин . В. Я Экономико- географическое районирование Казакстана. Алматы 1986 г

5)Захарина. Д.М и др. Учителю о географий сферы обслуживания. М. Просвещение. 1980 г.

Зертханалық жұмыс № 7(2сағат)

Жұмыстың аталымы

Қызмет көрсетуде ауыл шаруашылық салаларының маңыздылығы.

Жұмыстың мақсаты

1. Агроөнеркәсіптік кешенін танып білу.
2. Салалық құрылымына баға беру.
3. Ауыл шаруашылығын дамытуға тигізетін әсерін танып білу.

Тапсырма 1. Ел экономикасындағы орнына талдау жасау.

1. Кешеннің салалық құрылымына баға беру.
2. Ауылшаруашылық салаларының зоналық мамандануына талдау жасау.
3. Тамақ және жеңіл өнеркәсіпке сипаттама беру.

Теоретикалық түсінік

Агроөнеркәсіптік кешен халық шаруашылығында өнеркәсіппен қатар тұратын күрделі құрылымды салалар жиынтығы болып саналады. Ауылшаруашылығы, ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруші, осы аталған ауылшаруашылығын және өңдеуші салаларды құрал – жабдықпен қажетті тыңайтқыштармен және басқа да өнімдер қамтамасыз етілетін салалар. Бұлармен қатар соңғы кезде ауылшаруашылық өнімдерін тұтынушыға жеткізумен айналысатын инфрақұрылымдарда тағы бір агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) қарастырылуда. Кез – келген мемлекеттің аөк мұндағы салалардың үлес салмағына қарай анықталады. Агроөнеркәсіптік кешені – саласы жоғары дамыса, соғұрлым елдің ауылшаруашылығы интенсивтік жолмен дамығандығымен көрсетіледі. Қазақстанның ауылшаруашылығы қазіргі кезде еліміздің экономикалық қоғамдық саяси тұрақтылығын жинақтаушы, шешуші фактор болып табылады. Климаттық жағдайдың алуан түрлілігі орасан жер фондының болуы республиканың экономикасы дамуының басым бағыттарын анықтайтын фактордың бірі. Елімізде қоңыржай белдеуде өсірілетін барлық дақылдарды өндіруге мүкіндік бар.

Зертханалық жұмысқа әдістемелік нұсқау

1. Ауыл шаруашылығын қажетті өндіріс өнімдерімен қамтамасыз ететін салаларды анықтаңыз.
2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсататын салалар мен инфрақұрылымдық салаларға талдау жасаңыз.



- қой өсіру – Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан экономикалық аудандары.
- Қаракөл елтірісі - Маңғыстау түбегі, Оңтүстік Қазақстан.
- Сүтті ірі қара – Солтүстік Қазақстан.
- Етті тұқымды - Оңтүстік, Шығыс Қазақстан.
- Түйе шаруашылығы – Атырау, Маңғыстау. Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облысында.
- Марал шаруашылығы – Шығыс Қазақстан (Қатонқарағай ауданы).
- Омарта шаруашылығы - Алтай, Жоңғар Алатауы, Шығыс Қазақстан облысы (Путинцево).
- Жібек құрты – Оңтүстік Қазақстан.
- құс шаруашылығы – Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облысында.

Жұмыстың орындалу реті

1. Атластағы тақырыптық карталар мен оқулық мәтінін пайдаланып, Қазақстанның табиғат зоналары бойынша территорияның агроклиматтық байлықтарына баға беру.
2. Кестені пайдаланып ауыл шаруашылығына жалпы сипатама беру.
3. Ауыл шаруашылығының салаларына талдау жасаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Ауыл шаруашылығының мамандануы қандай факторға байланысты?
2. Ауыл шаруашылығының экстенсивті және интенсивті даму жолдары.
3. Қазақстан АӨК құрылымы, құрамы, мақсаттары

Есептің құрамы:

- 1) Жұмыстың аталымы және мақсаты;
- 2) тапсырма;
- 3) зерттеу жұмысының жүйелік құрылымы;
- 4) кескіндер және кестелер;
- 5) есептер;
- 6) жұмыс туралы қысқаша мәліметтер.

Әдебиеттер

1. Қазақстанның атласы .
2. С.Ердаuletов Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. А,1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық .
3. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Авт. Е.Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп»2005
4. Практикум по эсг СССР авт.И.Орфанов т.б. М,1989
5. «Ландшафттану негіздері және табиғи байлықтарды бағалау». З.М.Абишева, О.Б. Мазбаев; А,2003
6. Қазақстанның агроклиматтық картасы.
7. Кенгужин М.Б. Оптимальное планирование сельского хозяйства.- Алма-Ата, «Кайнар», 1972. – 192 с.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында (ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы – Алматы, Атамұра 2005 ж – 48 бет.
2. Арынов Е.М Қазақстан и мировой опыт рыночный трансформаций. Алматы 1997 г.
3. Абрамов М.А География сферы обслуживания. М. 1977 г.
4. География сферы обслуживания: Сборник статей- М. 1972 г
5. Двоскин . В. Я Экономико- географическое районирование Казакстана. Алматы 1986 г
6. Захарина. Д.М и др. Учителю о географий сферы обслуживания. М. Просвещение. 1980 г.
7. Казакстан: 1991-2001 годы/ Под ред. А.А Смаилова.-Алматы, Агентство РК по статистике 2001-432 с.
8. Коморов. М.П. Инфраструктура регионов мира. Учебник . С-Пб: Издательство Михайлова В.А, 2000-347 с
9. Проблемы географии сферы обслуживания сборник статей Ответ. Редактор— Лухманов Д.Н –М -1974 г
10. Типовые программы по дисциплинам социально-экономической и политической географии Сб. Программ для университетов и пед. Институтков. Под.ред. –Т. О. Увалиева, З.Н. Зевревой, Е. А. Ахметова,- Алматы, АГУ им. Абая, 2001 г-360 с
11. Региональный статический ежегодник Казакстана. 1997-2000 гг – Алматы, Агентство РК по стстистике, -2001-380 с
12. Сагинбаев С. С. Непроизводственная сфера Казакстана.- Алматы, 1984г.
13. Суверенный Казакстан и социально- экономическая география сборник статей. Ответ. Редактор- Увалиева Т. О – Алматы, 1998 г
14. Увалиев Т.О. «География сферы обслуживания»(учебная програма) В сб «Социально- экономическая география в Алматинском университете».- Алматы, АГУ, 2003г-стр. 132-135
15. Увалиев Т.О., Суюмбаева С.Т. «Основы районной планировки»(учебная программа) В сб «Социально-экономическая география в Алматинском университете».- Алматы, АГУ,2003г- стр.119-125.
16. Халина В. Н. География человеческой деятельности.- М. Просвещение, 1995.г
17. Шокаманов Ю. К. Тенденции человеческого развития в Казакстане. Учебник. Под. Ред.- Н.К. Мамырова и Ф. Акчурь.- Алматы, Экономиика, 2003 г.
18. Человеческое развитие в Казакстане . Учебник. Под. Ред.- Н. К Мамырова и Ф. Акчурь.- Алматы, Экономика, 2003г
19. «Казакстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасы. – Егемен Казакстан-1997,11 қазан.
20. Региональная экономика. Учебник для вузов. (Под ред. Т. Г. Морозовой и др) – М, Юнити, 2000-472с.
21. Холина В.Н. География человеческой деятельности.-М., Просвящение, 1995.
22. Шокаманов Ю.К. Тенденций человеческого развития в Казахстане.- Алматы, Агенство РК по статистике, 2001-348с.
23. Калмуцкая Э.И. География потревления. – Черновцы, 1980г.
24. Қазақстанның атласы .
25. С.Ердаuletов Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. А,1998. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық .
26. Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы. Авт. Е.Ахметов т.б. 9 сыныпқа арналған оқулық, «Мектеп»2005

Мазмұны

1	Алғы сөз. Кіріспе.....	3
2	Зертханалық жұмыс № 1	4
3	Зертханалық жұмыс № 2.....	5
4	Зертханалық жұмыс № 3-.....	7
5	Зертханалық жұмыс № 4	8
6	Зертханалық жұмыс № 5	10
7	Зертханалық жұмыс № 6.....	12
8	Зертханалық жұмыс № 7.....	14
10	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	16

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 19бет 1,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.